

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 1 из 2

№7 ХАТТАМА

Стоматологиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ отырысы Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша

Онлайн

2025 жылғы 10 желтоқсан

ЖБТ төрағасы—Деточкина В.Р.—м.ғ.к., терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы.

ЖБТ төрағасының орынбасары—Сулейменова Д.М., м.ғ.к., «Семей медицина университеті» КЕАҚ стоматологиялық пәндер және бет-жақ хирургиясы кафедрасының доценті.

ЖБТ хатшысы – Акжигитова Э.Н., «МУА» КЕАҚ Стоматология мектебінің бас маманы.

Қатысқандар: Тулеутаева С.Т., Алтынбеков К.Д., Ураз Р.М., Токбергенова А.Т., Суманова А.М., Кайкенова С.Е.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Резидентура түлектерінің кәсіби даярлығын бағалаудың тәуелсіз емтиханы бойынша техникалық сипаттамаларын қарастыру және бекіту.
2. ЖБТ сарапшыларының және ОӘӨ сарапшыларының тізімдерін бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша:

ЖБТ Төрағасы ҰТЕО ұсынған келесі мамандықтар бойынша резидентура түлектерінің кәсіби даярлығын бағалауға арналған жинақталған техникалық спецификацияларды таныстырды: терапиялық стоматология, хирургиялық стоматология, ортопедиялық стоматология, балалар стоматологиясы және ортодонтия.

Спецификацияларға бірыңғай бағалау форматы (компьютерлік тестілеу және кейс-тестинг), тақырыптық бөлімдердің құрылымы, тест сұрақтарының саны, тапсырмалар түрлерінің үлестірімі және жағдайлық тапсырмалар тізімі кіреді.

Талқылаудан кейін ЖБТ мүшелері құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін және оларды түлектерді тәуелсіз бағалауда қолданудың қажеттілігін атап өтті.

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1
		Страница 2 из 2

Сөз сөйледі: Токбергенова А.Т., Суманова А.М., Тулеутаева С.Т., Алтынбеков К.Д.

Шешім:

1. Барлық стоматологиялық мамандықтар бойынша техникалық спецификацияларды ұсынылған нұсқада бекітілсін.

2. Бекітілген спецификацияларды әрі қарай талқылау үшін ОӘБ-не жолдансын (Қосымша 1).

Екінші сұрақ бойынша:

ЖБТ Төрағасы резидентура түлектерінің тәуелсіз емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын сараптау үшін ұсынылған ЖБТ және ОӘӨ сарапшыларының тізімдерін таныстырды.

Комиссия ұсынылған кандидатураларды қарастырып, ескертулер енгізген жоқ.

Шешім:

1. ЖБТ сарапшыларының және ОӘӨ сарапшыларының тізімдері бекітілсін (Қосымша 2).

ЖБТ төрағасы

ЖБТ хатшысы



Деточкина В.Р.

Акжигитова Э.Н.